Ойындар, дербес әрекет	1.Д/о: «Ненің суреті?» Мақсаты: Берілген суреттердің атын атап қайталай білу дағдыларын жетілдіру. (балабақша суретімен әңгімелесу) 2.«Менің көшем» әңгімелесу Мақсаты: Көше туралы түсініктерін қалыптастыру	1.Вариативтік компонент: «Биле, биле, балақай!» Тақырыбы: «Гүлдер» биі «Вальс» Мақсаты: Балаларға биді сипаттап беріп, ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларды өздері билейтін музыкасын тыңдап музыка фразаларын, біліктерін ажыратуға, екпінін ажыратуға үйрету. Табиғаттың әсемдігін сезініп, гүлдерге сәйкес нәзіктікті бимен көрсете білуге жаттықтыру.	1«Әдемі жолдар»Мақсаты: Ойын арқылы ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.2. Ойыншықсүрелерін жинау. Мақсаты: еңбекке баулу	Табиғат бұрышындығы гүлдерді суару, копсытып –шаңын сұрту	Вариативтік компонент: «Өнерлі екен он саусақ.» Тақырыбы: Қашқаргүл (астра) мүсіндеу Мақсаты: Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.
	Сөйлеуді дамыту: Айдар мен Бекаят. Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын жаттығуы: Алшынмен «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	Айлинмен Музыкалық - ырғақтық жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	Сөйлеуді дамыту: Мединамен «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Амирді 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу.				

Балалардың үйге қайтуы.	«Беркелі, мерекелі Алтын күз!» ертеңгілігі.	«Әңгімелесу» «Достардың бәрі жақсы» Балаларға ата-аналар өз достары туралы түсінік беру.	«Абайла балақай» Үйге қайтқан кезде жол ережесіне байланысты әңгімелер айту.	«Ескерту» «Қызықты өлеңдер» Жаттаған өлеңдерін қайталатып, еске түсіру.	«Алақай ойындар» Ата-анаға демалысты балаңызбен бірлесе -қызықты өткізу керектігін айту.
-------------------------	---	---	--	---	---

Тексеру күні: _____ 2021ж
 Бекітемін: Карабасова Г.Ә.
 Қараша айының І апта 01 – 05 аралығындағы ересек №3 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.
 Тәрбиеші: Уашева Б.Қ.
 Өтпелі ай тақырыбы: «**Жыл құстары**»
 Апта тақырыбы: **Құстардың түрлері** «»
 Мақсаты: Балаларға құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу, құстарға тән ерекшеліктерді ажырата білу қабілетін дамыту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.11.2021ж	Сейсенбі 02.11.2021ж	Сәрсенбі 03.11.2021ж	Бейсенбі 04.11.2021ж	Жұма 05.11.2021ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы, дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойындары: «Сөйлем ойластыр» Мақсаты: Ойлау жылдамдығын, сөйлеу белсенділігін арттыру.	Үстел үсті, саусақ ойындар: Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шиқ-деп, ән салады	Дидактикалық ойындар «Жануарлар мен өсімдіктерді ажырат» Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	Санамақтар айтқызу Санамақ Бір, екі, үш, төрт, бес. Әзде тап мені тез Мықты жерге тығылдым Табады екен мені кім?	Құрылыс ойындары «Кім жылдам құрастырады?» Мақсаты: балаларға құрылыс материалдарынан шырша құрастырту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.
Таңертеңгі жаттығу	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Отырғышқа дұрыстап отыру, майлықты қолдану. Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Қ/О: «Жел мен жапырақшалар». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке үйрету.	Менің достарым» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	Саусақ ойындары Қол ұстасып дөңгелеп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз.	Санамақтар айтқызу. Бір дегенім – бесік, Шықтық содан өсіп. Екі дегенім – елім, Далам, тауым, көлім. Үш дегенім – үміт, Үміт артар жігіт.	«Қапшықтан неше ойыншық алдың?» ойыны. Мақсаты: Балаларға заттың санын қолмен сипалап білуді үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Ұ.О.Қ. 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» (М.Төрежановтың әңгімесін әңгімелеу) Мақсаты: Тілдік қорын байыту, дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұ.О.Қ. 2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Сылдырмақтар» ойыны Мақсаты: 1.Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру.	Ұ.О.Қ. 1.Математика негіздері. Тақырыбы: «3 цифрмен таныстыру. Цифрды заттың санымен салыстыру. «Кеше», «бүгін», «ертен». Жыл мезгілдері (күз).» Мақсаты: 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру; 3 санын өзге цифрлардың арасынан табу; «кеше», «бүгін», «ертен» ұғымдарын айыруға үйрету; балалардың жыл мезгілдері (күз) туралы білімін дамыту. Ұ.О.Қ. 2.Музыка Тақырыбы: «Құстар дауысы» Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.	Ұ.О.Қ. 1.Жапсыру: Тақырыбы: «Қонжыққа арналған пирамида» Мақсаты: а) Ойыншық қонжыққа пирамида құрастырып жапсыруды үйрету; Ұ.О.Қ. 2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Орындықта орындалатын жаттығулар» Мақсаты: 1. Тепе теңдікті сақтау қабілетін дамыту.	Ұ.О.Қ. 1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құсхананы мекендеушілер» Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу Ұ.О.Қ. 2.Орыс тілі: Тақырыбы: «Фрукты» Мақсаты: Учитъ детей называть, продукты питания, овощи и фрукты. Учитъ правильно питаться, соблюдать гигиену рук. Воспитывать культуру поведения за столом.	Ұ.О.Қ 1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа мен көгершін». Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын түсіну. Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жақсылық жасауға тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Сурет салу: Тақырыбы: «Үйдің суретін саламыз» Мақсаты: Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 3.Дене шынықтыру.

		Музыка тыңдау, ән үйрену, дидактикалық ойын, би: «Шөжелерім»		<u>Ү.О.Қ.</u> 3.Музыка Тақырыбы: «Құстар дауысы» Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Музыка тыңдау, ән үйрену, дидактикалық ойын, би: «Шөжелерім»	Тақырыбы: «Оң және сол қолмен лақтыру» Мақсаты: 1.Көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруға үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау,аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау.Киімді шкафқа ретімен жинау.				
Серуен	1.Ауа-райы Мақсаты: Қараша айындағы өзгерістерін өткен аймен салыстырып, ауа райын түсіндіру. 2.Еңбек: Учаскедегі қоқысты тазалау. Мақсаты: Тазалыққа үйрету. 3.Балалармен жеке жұмыс: Күз туралы таппак жаттау 4.Қимылды ойындар: «Торғайлар мен автомобильдер» Мақсаты: Шапшаңдыққа ,аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. 5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	1.Желді бақылау. Жел бар ма, әлде жоқпа? Мақсаты: Балаларға жел туралы түсініктерін кеңейту 2.Еңбек: Учаскедегі қағаз қалдығын жинау. Мақсаты:Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Балалармен жеке жұмыс: Көбелек туралы өлең айту Ақпын, сарымын, көкпін, Түрлі-түсті көкпін Жүрем өзім жайнап Арасында шөптің 4.Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» 5. Дербес ойын. Өткенштектебу.Тартылғышта тартылу	1.Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстардың аттарын атау және қимыл-қозғалыстарын салып жүру 2.Еңбек:Аула гүлдерін жабуға көмектесу. 3.Балалармен жеке жұмыс: «Бозторғай» таппағын жаттау (Сейфуллин) 4.Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» 5.Ерікті ойындар.	1.Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Сіркіреп жауып тұрған жаңбыр туралы түсінік беру 2.Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу 3.Балалармен жеке жұмыс: Өлең жаттау Жаңбыр жаумай тоқтай тұр Дабылынды соқпай тұр Үйге жетіп алайын Терезменнен қарайын Моншағымды бір-бірлеп Үйде отырып санайын 4.Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» 5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	1.Қоңыр күзді бақылау,салыстыру» Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау,алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау,қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту.Ағаштар жапырақтарынан ажырап , жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. 2.Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. 3.Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. 4.Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» Мақсаты:Шапшаңдыққа баулу. 5.Еркін ойын.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу .				
	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.»Бата беру»»Ас қайтару»дәстүрлерін үйрету.				
Түскі ас	Отырғышқа дұрыстап отыруын қадағалау.	майлықты қолдану. Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту	Бата беру:	Тамақты ұқыпты ішу, майлықты дұрыс қолдану, алғыс айту	Тамақтанып отырған сөйлеумен,асықпай жеуге үйрету.
Түскі ұйқы	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	«Қасқыр мен жеті лақ»ертегісін оқып беру. Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	«Қолғап»ертегісін оқып беру Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	Керует жанындағы жаттығулар керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру	Мысық сияқты аяқтың ұшыменшенбермен жүру, екіаяқпен секіру басымыздыжоғары созу, белімізді созу . 10 сек	Керует жанындағы жаттығулар керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру	массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, (10 сек	Керует жанындағы жаттығулар керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру

Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу.				
Ойындар, дербес әрекет	1. Дидактикалық ойын «Сөздегі бірінші дыбысты ата» Мақсаты: фонематикалық қабылдауын дамыту. 2. Сюжеттік ойын «Шаштараз» Мақсаты: балаларды шаштаразда өздерін қалай ұстауын үйрету. тілбайлығын дамыту.	1. Вариативті компонент: «Биле, биле, балақай» Тақырыбы: «Қолшатыр» биі «Жапырақтар» биі Мақсаты: Балаларды музыкалық әуенмен таныстыру. Қолшатырды пайдасын түсіндіру. Қолшатырды музыкалық ырғақтық қимылдарда әуенге сай орындауға үйрету. Балаларға би қимылдарын тез, әдемі, ырғақты орындату. Әуенге сай қимылдарды орындай білуге жұмылдыру Әңгімелесу: Жыл мезгілі туралы. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	1. Ойна да ойлан Тақырыбы: «3 цифр. 3 саны» Мақсаты: 3 санын өзге цифрлардың арасынан айыра білуге үйрету.	1. Ертегі оқу «Ақымақ тышқан» Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту 2. Балалапан дәптерімен жұмыс Мақсаты: өз беттерімен жұмыс жасауға үйрету.	Вариативті компонент: «Өнерлі екен он саусак» Тақырыбы: Арыстан жапсыру Мақсаты: Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сұлтанәли сұраққа толық жауап беруге үйрету. Сөздік қорын, тілін дамыту.	Адина мен Айшаны кезекшілікке үйрету. Еңбекке баулу.	Нуриман мен Амирге орыс тілінде тақпақтар айтқызу. дыбыстарды қайталану	Алшын мен Иманғалиға сурет бойынша әңгіме құрастырып айтқызу. Сөздік қорын дамыту..	Маликаға табиғат бұрышындағы гүлдерді шаңын сүрткізіп, су құйғызу.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Қойын: «Мені қуып жетіндер» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы.	"Отбасындағы еңбек" Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	«Қазым, қазым қаңқылда» өлеңін жаттау қадағалау.	Денеге киетін формаларын түгендеп әкелулерін ескерту.	«Тұмаудан сақ болыңыз»	Балабақшада баланың киімі.

Тексеру күні: _____ 2021ж

Бекітемін: Карабасова Г.Ә.

Қараша айының II апта 08.11-12.11. аралығындағы ересек №3 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Уашева Б.Қ.

Өтпелі ай тақырыбы: «Жыл құстары»

Апта тақырыбы: «Үй құстары»

Мақсаты: Балаларды құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу, үй құстардың тіршілігі және олардың пайдасы туралы мағлұмат беру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 8.11.2021ж	Сейсенбі 9.11.2021ж	Сәрсенбі 10.11.2021ж	Бейсенбі 11.11.2021ж	Жұма 12.11.2021ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы, дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын: «Анасын тап» Мақсаты: үй құстары мен олардың балапандарының ажыратуға үйрету.	Саусақ ойыны: »Шөжелерім» Мақсаты: тілдік қорын дамыта отырып, саусақ қол моторикасын жасатуға үйрету.	Қимылды ойын: »Ұшты – ұшты» Мақсаты: сөзді дұрыс тыңдай тұрып, қимылды дұрыс жасауға бейімдеу.	Дидактикалық ойын: «Гүлдер дүкені» Мақсаты: түстерді айырып, ойлау қабілеттерін дамыту.	Үстел үсті ойыны «Кім жылдам?» Балаларды ойлау қабілеттерін, бірігіп ойнауға тәрбиелеу..
Таңертеңгі жаттығу	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Санамақ Бір үйде нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз Бас бармағым-әкем, Балан үйрек-анам, Ортан терек-ағам Шылдыр шүмек-мен Кішкене бөбек сен.	Санамақ Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау – ауыл шеті.	Санамақ Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қосқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян,	Қимылды ойын: »Ұшты –ұшты» Мақсаты: сөзді дұрыс тыңдай тұрып, қимылды дұрыс жасауға бейімдеу.	Санамақтар айтқызу Бір дегенім- бүркіт, Қалады аңдар үркіп, Екі дегенім – ешкі, Қорамызды тесті, Үш дегенім – үйім, Үйде жақсы күйім.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Ұ.О.Қ. 1.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Қонжық бізде қонақта (ойын-сахналау). Мақсаты: Балаларды шағын тапқақтарды жатқа оқуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстау көркемдігіне көңіл аударуға үйрету. Ұ.О.Қ. 2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Бастаушыны ауыстырып жүру және секіру» Мақсаты: Бір орында тұрып	Ұ.О.Қ. 1.Математика негіздері Тақырыбы: «1, 2, 3 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Биік – аласа. Баланың зейінін дамыту.» Мақсаты: 3 саны мен цифр туралы өткенді пысықтау; цифрды заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру, бір-біріне ұқсас екі затты салыстыру арқылы баланың зейінін дамыту. Ұ.О.Қ. 2.Музыка Т/бы: «Сүйікті жануарым» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді танып, ажыратып, әр жануарға тән қимылды бейнелей білуге үйрету.	Ұ.О.Қ. 1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі торғай» Мақсаты: а) Әдемі кесені мүсіндей білуге үйрету ; ә) сөздік қорын, тілін, қол қимылының белсенділігін, ептілігін дамыту; б) тазалыққа тәрбиелеу. Ұ.О.Қ. 2.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Құстар біздің досымыз. Мақсаты: құстарды мекеніне қарай ажырата білуге үйрету. 2. Ұ.О.Қ. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбектеу мен	Ұ.О.Қ. 1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету. Тіршілік иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу Ұ.О.Қ. 2.Сурет салу. Тақырыбы: «Күз бейнесі» Мақсаты: Балаларды табиғатты бейнелеу жанрымен таныстыру, балалардың күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын суретте бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, Отанды, табиғатты	Ұ.О.Қ. 1.Көркем әдебиет: Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық». Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Отбасында үлкенге - құрмет, кішіге – қамқорлық жасауға баулу. Инабаттылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу. Ұ.О.Қ. 2.Құрастыру: Тақырыбы: «Құстарға арналған жемсауыт» Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлауға тәрбиелеу, оларға арналған әртүрлі жемсауыттарды бірлесе отырып жасауға үйрету.

	секіруге жаттықтыру.Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету.Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді қайталау.		доға немесе білте таяқтың (рейка) астынан өту» Мақсаты: 1.Еңбектеу мен доғаның астынан өтуді кезектестіріп орындауды үйрету; бір орында тұрып ұзындыққа секіруді жетілдіру.	қорғауға тәрбиелеу	достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 3Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Көлденең тұрған нысанаға лақтыру» Мақсаты: Оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға лақтыруға жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау,аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау.Киімді шкафқа ретімен жинау.				
Серуен	1.Ауа – райын бақылау. (күн салқын, ызғарлы жел, т.б) Мақсаты: Ауа – райының өзгешелігін сезіну, табиғат құбылысын меңгерту 2.Еңбек: Ағаштың бұтақтары жабу. 3.Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады (жапырақ) 4.Қимылды ойындар: «Өз жұбынды тап» 5.өз еркімен ойын.	1.Жерге түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау. 2.Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау. 3.Балалармен жеке жұмыс: Балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады (жапырақ) Аспай піскен, Қайнамай піскен (жеміс) Жер бетінде шашы бар Жер астында басы бар (сәбіз) 4.Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» 5.Өз ерікімен ойын.	1.Суды бақылау. Мақсаты: Балалардың су туралы білімдерін бекіту.Сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын,ой-өрісін дамыту. 2.Қим.ойын: «Ұшты,ұшты».Мақсаты: Балаларды ептілікке тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру. Мақсаты: Жылт –жылт еткен Жылгадан өткен.(Су) 4.Еңбек: Аула ішіндегі тас қалдықтарын жинау. Мақсаты: Балаларды еңбек етуге,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. 5.Еркін ойындар.	1.Жәндіктерді бақылау Мақсаты: Күзде жылы жакка ұшқан құстарды бақылату. 2.Еңбек: Бөлме гүлдерін суару. 3.Балалармен жеке жұмыс: «Қарлығаш» 4. Қимылды ойындар: « Такия тастамақ» Мақсаты. Қазақтың ұлттық ойыны туралы түсінік беру. 5 .Дербес ойын. Өткеншектебу.Тартылғышта тартылу.	1.Ауа – райын бақылау. (күн салқын, ызғарлы жел, т.б) Мақсаты: Ауа – райының өзгешелігін сезіну, табиғат құбылысын меңгерту 2.Еңбек: Ағаштың бұтақтары 3.Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады (жапырақ) 4.Қимылды ойындар: «Өз жұбынды тап» 5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу .				
	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.»Бата беру»»Ас қайтару»дәстүрлерін үйрету.				
Түскі ас	Нан қиқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып,қастерлеп Торғайларға тастандар.	Нан қиқымын жерге түсірмей жеуді үйрету.	Ас жеп болғасын алғыс айту.	Ас жеп болғасын майлықты дұрыс қолдану.	Партаға түзу отыруға үйрету.тамақты ұқыпты жеуге тәрбиелеу.
Түскі ұйқы	Әлди әуенімен ұйықтау. Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	«Маша мен аю»ертегісі. Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Мақта қыз бен мысық»ертегісін оқу Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	«Маша мен аю»ертегісі. Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Әлди әуенімен ұйықтау Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	Керуеттегі жаттығуларБалалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұлдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.	Керует жанындағы жаттығулар"Құстар" 1. "Құстар оянды" - Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту. 3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.	Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық. - Б. к. қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. к. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. к. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. к.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады.	Демалуды қалыпқа келтіру Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тізімізді ұстайық. Бір орында секіру. Тыныс алу.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару,мәдениетті тамақтануға баулу.				
Ойындар, дербес әрекет	1.Дидактикалық ойын: «Саңырауқұлақтарды сана Мақсаты: Балаларға табиғат аясындағы серуеннің маңызы жөнінде түсіндіру.Бояма кітапшалары мен жұмыс. Ұқыпты жұмыс жасауға үйрету. 2.Табиғат бұрышындағы гүлдерді суарып, шандарын сұрту	1.Вариативті компонент: «Биле- биле, балақай» Тақырыбы: «Қазақ» биі Классикалық би Мақсаты: Балалардың көңіл-күйлерін көтеру, би өнеріндегі шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қазақ халқының өнерін, салт-дәстүрін жанама түрде қимылдар арқылы насихаттап жас ұрпаққа би өнерінің қыр-сырын үйрету.Балаларға классикалық әуенін тыңдатып, қимылдар арқылы бидің әдемілігін, пластикалық қимылын көрсете білуге дағдыландыру.	1.Әңгімелету сурет бойынша:(үй құстары) Мақсаты:сөздік қорын дамытып,еркін сөйлеуге үйрету. 2Қимылдық ойын: «Досынды тап» Мақсаты:достыққа тәрбиелеу.	1.Үстел үсті ойыны Мозайкадан күзгі жапырақты бейнелеу. 2.Әңгімелесу: Жыл мезгілі туралы. Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	1.Вариативті компонент: «Өнерлі екен он саусақ» Тақырыбы: Аққала қол еңбегі Мақсаты : Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Айдармен күз мезгілі жайлы әңгімелесу. Жапырақтардың түсін сұрау. Мақсаты:Баланың тілін дамыту.	Бекаятпен күздік киімдер туралы әңгіме жүргізу. Мақсаты: балалардың киімдерге деген қызығушылығын арттыру.	Айлинмен әңгімелесу.Көңіл-күйін сұрау.Кубикпен жұмыс жасату. Мақсаты:Құрастыруға қызығушылығын дамыту.	Нуриманнан шалқан ертегісінің кейіпкерлерін атату. Мақсаты:Кейіпкерлерге деген құрметке тәрбиелеу.	Мединадан еркін тақырыпта сурет салғызу. Мақсаты:Баланың шығармашылығын дамыту.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Демалыс уақыттарын қалай өткізетіндері жайлы және т.б				

Балалардың үйге қайтуы.	Балаларының жақсы қасиеттерін айту, көңілді шығарып салу.	«Кеңес» Балабақшада баланың киімі	Пікірлесу Баланың бүгінгі жетістігі туралы пікір айту.	«Кеңес беру» Мейірім мен сыпайлық» Балаларымызға сыпайы сөздерді көп айтамыз	«Кеңес» «Таңғы жаттығудың маңызы»
-------------------------	---	--------------------------------------	---	--	--------------------------------------

Тексеру күні: _____ 2021ж

Бекітемін: Карабасова Г.Ә.

Қараша айының III апта 15.11-19.11. аралығындағы ересек №3 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Ержанова Жанылсын

Өтпелі ай тақырыбы: «Жыл құстары»

Апта тақырыбы: «Дала құстары»

Мақсаты: Балаларды дала құстары туралы білімдерін жетілдіру, олардың дыбысын ажырата білуге үйрету, құстарды қорғай білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.11.2021ж	Сейсенбі 16.11.2021ж	Сәрсенбі 17.11.2021ж	Бейсенбі 18.11.2021ж	Жұма 19.11.2021ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Сергіту сәті: Қане, қанат жазайық, Құс болып ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық	Қимылдық ойын: «Құстар қалай ұшады?» Мақсаты: құстардың дауысын келтіріп, қимыл-қозғалысын жасауға үйрету.	Дидактикалық ойындар «Қай мезгіл?» Мақсаты: Балалардың тілдерін, ойлау қабілеттерін дамыту	Үстел үсті ойыны. Үстел үсті театры арқылы ойдан ертегі құрастырып айтқызу. Балаларды шығармашылығын дамыту, сөйлеу қабілетін дамыту	Құрлыс ойындар «Темір жолдар» Мақсаты: балаларға вагон қайа жүретінін түсіндіріп, ұсақ саусақ моторикасын дамыту.
Таңертеңгі жаттығу	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Құрылыс ойыны: «Менің көшем» Мақсаты: балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материалдарын ұғалай пайдалану керектігін меңгеру	«Кім, не біледі?» Дидактикалық ойын: Мақсаты: балаларға күз туралы қойған сұрағына жауап беріп, кім тез жауап берсе сол бала жеңімпаз болады.	Дидактикалық ойын: «Дұрыс ата» Мақсаты: Гүлдердің атын атайды, түстерін айырады.	Дидактикалық ойын: «Жеміс пе, көкөніс пе?» М/ты: балаларға жеміс пен көкөністерді топтастыруды үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қимылдық ойын: «Ұшты Ұшты» Мақсаты: Балаларға нәнің ұшатынын, нәнің ұшпайтындығын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Ұ.О.Қ 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жаз, күз» (сурет бойынша әңгіме құрастыру) Мақсаты: Балаларды хабарлы сөйлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай әңгіме құрауға үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту, саусақ моторикасын дамыту. Өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір орыннан ұзындыққа секіру»	Ұ.О.Қ 1.Математика негіздері Тақырыбы: «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. 3-4 сандарын салыстыру. Кең – тар. Тіктөртбұрыш (өзге фигуралардың арасынан табу).» Мақсаты: Математикалық жұмбақтарды шешу дағдыларын арттыру; заттың санын цифрмен сәйкестендіруді жалғастыру; екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу; заттар тобының тең немесе тең еместігін анықтау; өзіне таныс заттарды еніне қарай салыстыру (кең, тар); тіктөртбұрыш туралы білімін пысықтау, оны өзге геометриялық фигуралардың ішінен табу. Ұ.О.Қ 2. Музыка Тақырыбы: «Сүйікті жануарым»	Ұ.О.Қ 1.Жапсыру. Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: а) Әртүрлі өлшемдегі дөңгелектер қиып бауырсақты жапсыруды үйрету; ә) Қолдарының икемдерін дамыту; б) Түстерді дұрыс тандай білуге тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру» Мақсаты: Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету. Негізгі қасиеттерді шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету; балалардың бір-біріне көңіл аударуына,	Ұ.О.Қ 1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. Жабайы жануарлардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым, дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Білімге құштарлық, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Орыс тілі Тема: «Моя семья» Цел: Формировать представление о мире семьи, как о людях живущих	Ұ.О.Қ 1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Атасының ақылы». Мақсаты: Әңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу. Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Сурет салу Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу» Мақсаты: Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету, қағаз пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемдікті қабылдай білуге тәрбиелеу. Ұ.О.Қ

	Мақсаты: 1.Бір орынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. 2. Тепе теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. 3.Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту.	Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді танып,ажыратып,әр жануарға тән қимылды бейнелей білуге үйрету. Ән ырғақтарын еркін орындауға талпындыру. Музыка тыңдау, ән орындау, әуенді қимыл-қозғалыс, би билеу, дидактикалық ойын: «Қандай дауыс»	ынтамақтаста ойнауына көңіл бөлу.	вместе (папа, мама, бабушка, дедушка, брат, сестра) Ұ.О.Қ . 3.Музыка Тақырыбы: «Әуенді сандықша» Мақсаты: Музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу.	3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жатып орындайтын жаттығулар» Мақсаты: 1. Жатып. орындайтын жаттығулармен таныстыру. 2. Негізгі қасиеттерді –шапшаңдық, ептілікті дамыту.3.3метрден 10 дейін қайталамалы жүгіруге жаттықтыру; іші толтырылғын допты аттап жүруге жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау,аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау.Киімді шкафқа ретімен жинау.				
Серуен	1.Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. 2.Қим. ойын: «Ақ қояным» Мақсаты:Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. 3.Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу. Мақсаты:Балаларға сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру;көңілдерін көтеру. 4.Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту,су өю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге,өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. 5.Дербес ойын: «Мені қуып жет».	1.Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін түсіндіру. 2. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. 3.Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден күйгандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. 4.Қимылды Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек» . Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 5. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Қолшатыр» .	1.Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін : шарпы, будақ, қабатты бұлиларды ажырату. 2. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. 3. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. 4.Қимылды ойын: «Кімге қандай құрал керек? » Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке» . Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі. 5.Дербес ойындар: 1. Өткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз»	1.Жылы жаққа қайтқан қаздарды бақылау. Мақсаты: Күзде қаздар жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. 2.Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. 3. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. 4. Қимылдық ойын: «Аттамақ» . Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.» 5.Еркін ойын.	1.Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. 2. Еңбек: «Біздің ойыншықтар» . Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. 3.Жеке жұмыс: Такпак: «Құстар қайтып барады» . Мақсаты: Балаларға такпак жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. 4. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. .Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу .				
	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.»Бата беру»»Ас				

	кайтару»дәстүрлерін үйрету.				
Түскі ас	Тамақты әбден шәйнап, тауысып ішуге үйрету.	Қасықты оң қолмен жеуге тәрбиелеу.	Ас қайыру: Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа! Дастарқаның мол болсын! Денсаулығын көп болсын!	Дастарханында наны жоқтың, Тағамының дәмі жоқ. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	Майлықты дұрыс пайдалануға үйрету.
Түскі ұйқы	«Үйшік»ертегін оқу. Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату	«Қасқыр мен жеті лақ»ертегісін оқып беру. Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату	«Қолғап»ертегісін оқып беру Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	Керует жанындағы жаттығулар керіліп- созылулар, жуыну шараларын жалғастыру	Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерінбірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.	Керуетте отырып Жоғары, төмен қараңдар. Солға иілу, оңға иілу Алға қарай еңкею	Қолды көтеріп, керіл. Алға қарай еңкейіп, Иәлеміз төмен.	Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу.				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	1.«Көгершін»өленің жаттату. Мақсаты:зейін қойып өлеңді жаттау. 2.»Кім тез?»ойыны. Мақсаты:ойлау қабілетін арттыру.	1.Вариативтік компонент: «Биле, биле, балақай!» Тақырыбы: «Чунга- чанга» биі Мақсаты: Балаларға би ырғағын түсіндіріп, би арқылы балалар көңіл-күйін көрсете білу. Балалар аяқ қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып, биге ашықтық беруге би қимылдарын еркін сипаттай білуге талпындыру 2.Сюжеттік ойын: «Аспазшы» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.	1.Геометриялық пішіндер сұрау. Мақсаты:шеңбер, сопақша туралы білімдерін нақтылау. 2. Топты ойыншықтарды жинақтау Мақсаты: Балаларды еңбекке балу.	1.Үстел үсті ойыны «Кім жылдам?» Суреттерді құрастыру арқылы балалардың спорттық ойындарға деген қызығу қабілеттерін дамыту. 2.Табиғат бұрышындағы гүлдерді суарып, шаңдарын сұрту.	Вариативтік компонент: «Өнерлі екен он саусақ» Тақырыбы: Үйрек мүсіндеу Мақсаты: Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.
	Айзерден тәулік бөліктерін суретке қарап сұрау. Мақсаты:Суретпен жұмыс жасауға қызығушылығын арттыру.	Амирден тілдік жаттығу орындату. Са-са-са ызылдайды маса Ша-ша-ша бұл шана Мақсаты:Баланың тілін дамыту.	Айшаға «Көгершін»тақпағын жаттату. Мақсаты:тақпақты мәнерлеп айтуға жаттықтыру.	Аияға еркін тақырыпта сурет салғызу. Мақсаты:Баланың шығармашылыққа деген қызығушылыққа баулу.	Иманғалиға (ш,с)әріптерін анық айтуға үйрету. Мақсаты: дыбысты анық айтуға дамыту.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды				
Серуен	Қойын: «Аттамақ »Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу				
Балалардың үйге қайтуы.	«Тұмаудан сақ болыңыз»	«Жаттамақ» Күз мерекесіне орыс тіліндегі тақпақтарды жаттату	«Әңгімелесу» Балаларға балабақшаның жағымды жақтарын айту, әңгімелесу.	«Күз байлығы» Балалармен бірлесіп күз мезгілінің суретін салу.	Алтын күзге тақпақтар жаттату.

Тексеру күні: ____ 2021ж

Бекітемін: Карабасова Г.Ә.

Қараша айының ІҮ – апта 22.11-26.11 аралығындағы ересектер №3 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі ай тақырыбы: «Табиғат әлемі»

Тәрбиеші:Ержанова Жанылсын

Апталық тақырыбы: «Қыстап қалатын құстар»

Мақсаты: Балаларға қыстайтын құстардың тіршілігін таныстыру, қыстайтын құстардың ізгілік, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.11.2021ж	Сейсенбі 23.11.2021ж	Сәрсенбі 24.11.2021ж	Бейсенбі 25.11.2021ж	Жұма 26.11.2021ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: қыстайтын құстар туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидиктикалық ойын:»Сөзді аяқта» Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Қыстайтын құстар» тақырыбында сурет бойынша әңгіме құрастыртып айтқызу. Мақсаты: Сөйлеу қабілеттерін дамыту	Дидактикалық ойын «Құстарды ата» Мақсаты: құстардың аттауларын есте сақтау.	Саусақ ойыны: «Қуырмаш» Бас бармағым – бірінші, Балан үйрек – екінші, Ортан терек – үшінші, Шылдыр шүмек – төртінші, Кішкентай бөбек – бесінші.	Қыста қыстап қалатын құстар туралы әңгіме айту. Өлкеміздегі жылы жаққа ұшпайтын торғай, көгершін т/б құстар туралы су1реттермен жұмыс істеу.
Таңертеңгі жаттығу	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	«Қайсысы ұнайды?» Мақсаты:Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын,не үшін ұнағанын айтқызу. Сөздік қорын молайту.	«Не артық?» Мақсаты:Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға,қамқоршы болуға тәрбиелеу.	«Сандық» Мақсаты:Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге баулу.	Дидактикалық ойын: «Қайсысы кайда тіршілік етеді?» Мақсаты: Суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың кайда өмір сүретіндігін айтқызу. Сөздік қорын молайту.	«Сән ательесі» Мақсаты:Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Ұ.О.Қ 1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:»Айлакер түлкі»орыс халық ертегісі сахналау. Мақсаты: Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді,сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін қолдануды дамыту.Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбектеу және өрмелеу» Мақсаты: Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулардың жаңа	Ұ.О.Қ 1.Математика негіздері: Тақырыбы: «Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі,үлгі бойынша санау,аралас сандарды салыстыру,заттардың теңдігін анықтау. Заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау. Шеңбер сопақша.» Мақсаты: Өзгеше орналасқан заттар тобын теңестіруді уйрету; заттарды үлгі бойынша санауға үйрету; әртүрлі арақаштықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтау.орналасқан орынын анықтау. 2.Музыка Тақырыбы «Әуенді сандықша»	Ұ.О.Қ 1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Балық» Мақсаты:а) Ермексиздан балық бейнесін мүсіндеуді үйрету; көркемдік талғамдарын, қиялдарын, ойлау қаблеттерін, саусақ қимылдарын дамыту; ұқыптылыққа еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Көлік түрлері Жолда жүру ережесін сақтайық. » Мақсаты: Көлік түрлері жол бөліктері (жаяу жол, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту),	Ұ.О.Қ 1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Төрт түлік» Мақсаты: Жануарларға қамқор көзқарас,өзгелерге көмектесуге әзірлік,туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Сурет салу. Тақырыбы:»Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды? Мақсаты: Шығармашылық қабілеттерін,ой-қиялын дамыту,қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.	Ұ.О.Қ 1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ұ.О.Қ 2.Құрастыру Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз». Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету. Құстар туралы

	түрлерін меңгерту.Негізгі қасиеттерді шапшандық, ептілікті дамыту. Балаларды еңбектеуге және өрмелеуге үйрету.	Мақсаты:Музыкаға қызығушылығын арттыру,түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету.	бағдаршам белгілерімен таныстыру, жолда жүру ережелері туралы білімдерін естеріне түсіру. Ұ.О.Қ 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орындықпен орындалатын жаттығулар» Мақсаты: Орындықпен орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. Негізгі қасиеттерді шапшандық, ептілікті дамыту.		білімдерін дамыту; саусак икемділіктерін арттыру. Ұ.О.Қ 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тепе теңдік сақтау жаттығулары» Мақсаты: Тепе теңдік сақтап жүруге жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау,аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау.Киімді шкафқа ретімен жинау.				
Серуен	1.Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.. 2.Еңбек: Гүл шоғы. .Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. 3. Жеке жұмыс: Е. Өтетілеуұлы. «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е. Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. 4.Қимылдық ойын: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Балалардың өз бетімен ойнауы: Төбешіктен-төбеш	1.Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. 2. Еңбек: Ағаштардың түптерін копсыту . Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп –баптауға тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар –адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету үйрету. 4.Қимылдық ойын: « Шымшық доп» 5.Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1. Жарысу. 2. Төбешікке секіру.	1.Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. 2. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. 3.Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан –менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыр. 4.Қимылдық ойын: «Қояндар секіреді» . Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшандыққа баулу. 5.Еркін ойындар. Тренинг: «Қаздар болып ұшайық» .	1. Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. 2. Еңбек: «Біздің ойыншықтар» . Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. 3.Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады» . Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету 4. Қимылдық ойын:«Сымсыз телефон» . Ойын барысы: Балалар сап түзеп тұрады. Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады. 5. Дербес ойындар: 1. Тығылыспақ 2. Өткеншек тебу. Тренинг: «Құс болып ұшайық» .	1.Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. 2. Еңбек: Ағаш түптерін копсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. 3.Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. баулу. 4.Қимылдық ойын: «Сұр қоян» Мақсаты: Шапшандыққа тәрбиелеу. 5.Еркін ойын.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу .				
	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.»Бата беру»»Ас қайтару»дәстүрлерін үйрету.				

Түскі ас	Болғасын алғыс айту.ас қайыру.	Тамақтанып отырған сөйлеусеу,асықпай жеуге үйрету.	Ас қайыру.Бірлік берсін басыңа, Береке берсін асыңа. Әумин.	Нан қымын жерге түсірей жеуді үйрету	Бірлік берсін басыңа, Береке берсін асыңа. Әумин.
Түскі ұйқы	«Үш торай»ертегісін оқу Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Әлди әуенімен тыныштық сәті Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	«Шалқан»ертегісін оқып беру. Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Әлди әуенімен ұйықтату Мақсаты: баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	«Түлкі мен тырна ертегісін оқу Мақсаты :балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	Керует жанындағы жаттығулар керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру	Созылу. Б.к. аркада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып негімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз (2- 4 рет)	Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру (2- 4 рет)	Майтабанның алдын алу. (2 минут)Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру.	Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут)
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару,мәдениетті тамақтануға баулу.				
Ойындар, дербес әрекет	1.Сюжеттің ойын: «Кітапханашы».Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту. 2.Ертегілер еліне саяхат. «Түлкі мен Тырна» көлеңке театры арқылы көрсету.	1.Вариативтік компонент: «Биле-биле балақай» Тақырыбы: «Ырғақты» би Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеріп, би қимылдарын сипаттап беріп, ерекшеліктерін түсіндіру. «Ырғақты» биінің қимылдарын, тез әдемі әуенге сай қимыл қозғалысты орындалуын қадағалау. Балаларды өздері билейтін музыкасын тыңдап, музыка фразаларын, біліктерін ажыратуға екпінін ажыратуға үйрету.	1.Әр түрлі боямақ кітапшаларымен жұмыс.2.Үстел үсті,саусақ ойындар:« Құстар қанат қағады» Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шиқ-деп, ән салады	1. Сурет бойынша табиғат туралы әңгіме құрастырып айту.М\ғы:сөздік қорын дамыту.2.Дидактикалық ойын:«Бөлшек және бүтін»Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін дамыту	Вариативтік компонент: « Өнерлі екен он саусақ» Тақырыбы: Түймедақ бүктеу. Мақсаты: Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Айдарға Д\о. «Не артық?» ойнату. Заттарды топтастыруды және іріктеуді үйрету. Тілін дамыту. Толық жауап беруге дағдыландыру.	Бекаятқа жеке ән айтқызуға сөздерін жаттату,әнді әуенмен бірге, асықпай айтуды үйрету.	Нұрисламға тақпақ жаттату.	Айша мен Аняға заттарды топтастыру және іріктеуді үйртеу. Тілдерін дамыту. Толық жауап беруге дағдыландыру.	Амирге табиғат бұрышындағы гүлдерді қопсыттыру. Еңбекке баулу.Үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы.	Үйден санамақ жаттау қадағалау.	Үй құстары туралы үйден әңгімелеу.	«Зсанының «таңбасы ретінде санауды қадағалау.	Жаңылтпашты жатқа айтуды үйрету.	Күз мезгіліне байланысты тақпақтарды жаттап қайталау.

Тексеру күні _____ 2021ж

Бекітемін: Қарабасова Г.Ә

Желтоқсан айының I-апта 29.11 -03.12.2021 аралығындағы ересек №3 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Тәрбиеші:Ержанова Жанылсын

Өтпелі ай тақырыбы: Өтпелі тақырып «Жайнай бер, Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Елін сүйген -Елбасы»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.11.2021ж	Сейсенбі 30.11.2021ж	Сәрсенбі 01.12.2021ж	Бейсенбі 02.12.2021ж	Жұма 03.12.2021ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:отбасы,дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б)	Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.	Қайсысы қайда тіршілік етеді Мақсаты:жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.		«Жалпы атауын ата» Мақсаты:Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.	« Қапшықтан неше ойыншық алдың?» ойыны. Мақсаты: Балаларға заттың санын қолмен сипалап білуді үйрету.
Танертеңгі жаттығу	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Дидактикалық ойындар:«Қандай түс?»Мақсаты: Ойлау жылдамдығын, сөйлеу белсенділігін арттыру.	Сурет бойынша әңгіме.Тақтадағы сурет бойынша өз еліміз Қазақстан туралы әңгіме құрастыру.Мақсаты: Балалардың сөйлеу қорын дамыту.		Қимылдық ойын: «Шаңырақ»Мақсаты: Балаларға шаңырақтың не екенін үйрету, жылдамдыққа тапсырманы дұрыс орындауға тәрбиелеу.	Дидактикалық ойындар «Еліміздің байлықтары» Балалардың ойлау ,есте сақтау қабілеттерін дамыту.
